

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
8D023- Тілдер және әдебиет, 8D022- Гуманитарлық ғылымдар кадрларын
даярлау бағытындағы 6D021200, 8D02208 – Түркітану, 6D020700, 8D02302 – Аударма
ісі, 6D021300, 8D02303 – Лингвистика мамандықтарының философия докторы (PhD)
бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау
жөніндегі диссертациялық кеңестің
2022 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер. Есеп беру кезеңінде диссертациялық кеңестің алты отырысы өткізілді, оның бесеуі диссертацияны қорғауға арналды.

2. Диссертациялық кеңес мүшелері диссертациялық кеңес мәжілісіне толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

Қорғалған жұмыстар

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Мамандықтың шифры және атауы	Ғылыми кеңесшілері ((Т.А.Ә.), дәрежесі, жұмыс орны)	Оқу орны
1	Манапбаева Жаннура Жарқанбековна	6D020700 – Аударма	Сейденова Сауле – Дусуповна – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының профессор м.а. (Алматы қ., Қазақстан), мамандығы 10.01.02 – қазақ әдебиеті Микель Эдо Хулия - PhD, профессор Барселона автономдық университеті (Барселона қ., Испания), мамандығы: Роман филологиясы.	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
2	Бисенғали Ақмарал Зинол-Ғабденқызы	6D021200 – Түркітану	Есенова Калбике – Умирбаевна – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ Академик С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры (Алматы)	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

			<p>қаласы, Қазақстан Республикасы), мамандығы 10.02.02 – Қазақ тілі.</p> <p>Суер Екер (Süer Eker) – философия ғылымдарының докторы (PhD), Башкент университетінің профессоры (Анкара қаласы, Түркия Республикасы), мамандығы 30304 – Заманауи түрік диалектілері мен әдебиеттері.</p>	
3	Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы	6D020700 – Аударма	<p>Ашимханова Светлана Ашимхановна - доктор филологических наук, профессор КазНУ им.аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан), специальность 10.01.08. – Теория литературы: текстология</p> <p>Мехмет Нора Гюльсун - доктор, профессор университета Хаджы Байрам Вели (г. Анкара, Турция), специальность Турецкий язык и литература</p>	эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
4	Кайранбаева Назым Нургельдиевна	8D02208 – Түркітану	<p>Зубайда Шадкам – филология ғылымдарының кандидаты, эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Түрксой кафедрасының доценті, «Жазба жәдігер және рухани мұра» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Алматы қ., Қазақстан).</p> <p>Нуреттин Демир (Nurettin Demir) – философия ғылымдарының докторы, Хаджеттепе</p>	эл-Фараби атындағы ҚазҰУ

			университетінің профессоры, Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері кафедрасының меңгерушісі (Анкара қ., Түркия).	
5	Абдуллина Назгул Утегуловна	6D021300 – Лингвистика	Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы – филология ғылымдарының докторы, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, (Алматы қ., Қазақстан). Памела Фабер – PhD, профессор, Гранада университеті, (Гранада, Испания).	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау: қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау; диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы; диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Кеңесте қарастырылған диссертациялар Түріксоy, Шетел филологиясы және аударма ісі, түркітану және тіл теориясы кафедраларында дайындалған салалық бағдарламалардың аясында орындалды: «Мәдени Мұра», «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы, «Архив – 2025», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Халық тарих толқынында» ҚР жетекші мемлекеттік бағдарламалары міндеттерімен тікелей байланысты.

Манапбаева Жаннұра Жарқанбековна. Диссертация тақырыбы: «С. Елубайдың “Ақ боз үй” романындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығы». Докторлық диссертациялық жұмыс белгілі қазақ жазушысы С. Елубайдың “Ақ боз үй” роман-трилогиясындағы қазақ ұлттық реалияларының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармада берілу барабарлығын, аударма стратегиялары мен тәсілдерін, олардың тиімділігін, қандай да бір тәсілді таңдауға әсер ететін факторларды, реалия аудармаларында кездесетін қателіктерді зерттеуге арналған.

Диссертацияда мынадай жаңа нәтижелер алынды:

- С. Елубайдың “Ақ боз үй” трилогиясындағы ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріне берілу барабарлығы аударма ғылымының теориясы тұрғысынан алғаш рет қарастырылып отыр;

- дәстүрлі реалия-сөздермен қатар интермәтін түрінде көрініс табатын метареалиялардың да аудармада берілу тәсілдері алғаш рет қарастырылды;

- қазақ аударматануында зерттеу нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз ету мақсатында алғаш рет ұлттық реалиялардың үш тілді параллель корпусы пайдаланылды;

- үш тілді параллель корпусын пайдалану нәтижесінде реалиялардың түпнұсқа мен аударма мәтіндердегі траекториясы ұғымы айқындалды, ауқымды мәліметтер негізінде аудармалардың доместикация және форенизация деңгейі анықталды;

- көркем прозадағы реалия аудармасының траекториясына әсер ететін факторлар толықтырылды; - реалия аудармасында кездесетін қателіктердің типтері толықтырылды;

- көркем прозадағы реалияны аударудың ең ұтымды тәсілі ретінде транскрипция/транслитерация мен мәтін ішіндегі экспликация ұсынылды;

- көркем прозадағы реалияларды аударудың бөгде мәдениетті сыйлау, үнемділік, тіркесімділік, бірізділік ережелері алғаш рет тұжырымдалды.

Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша 11 мақала жарияланды. Зерттеудің ең негізгі практикалық жетістігі – реалиялардың аудармаларын талдауда үш тілді параллель корпусның қолданылуы. Бұл корпусы «Ақ боз үй» трилогиясының ағылшын тіліне аударылмаған екінші және үшінші кітаптарын тәржімалауда қолдануға болады. Ұсынылған зерттеу әдісін аударматанушылық зерттеулерде, қазақ тілінің параллель корпусын жасауға үлгі ретінде қолдануға болады. Зерттеу жұмысы нәтижесінде алынған қорытындылар мен тұжырымдамаларды аударма теориясы мен тәжірибесі бойынша арнайы курстар даярлауда, көркем аударма тәжірибесі пәнінде оқу материалдары ретінде, аударма ісі мамандығы бойынша оқуәдістемелік құралдарын жасауда, қазақ ұлттық реалиялары мен олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларынан тұратын үштілді аударма сөздіктері мен анықтамалар құрастыруда, қазақ тіліндегі ұлттық көркем фильмдерді тәржімалауда пайдалануға болады.

Бисенғали Ақмарал Зинол-Ғабденқызының «Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік даму жүйесі (газет лексикасы (1995-2015 жж.) негізінде)» атты диссертациялық жұмысы қазақ және түрік баспасөзінде белгілі бір уақыт аралығында (1995-2015 жж.) жарияланған жаңа қолданыстардың тілде орнығу // орныкпау, кей жағдайларда терминге ұласу үдерістерін өзара салыстырып, лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеуге арналған. Жаңа ұғым мен таным кеңеюіне байланысты көбінесе газет лексикасында туатын жаңа қолданыстарды да адамның табиғи динамикалық танымына белгілі деңгейде өлшем бола алатын когнитивтік құрылым ретінде арнайы қарастыру аса маңызды. Жаңа қолданыстарды лингвокогнитивтік талдау мен салыстыруда олардың ономазиологиялық негізі уәжтанумен байланыста анықталған. Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингвокогнитивтік даму жүйесі жан-жақты зерттелген.

Диссертацияда мынадай жаңа нәтижелер алынды:

- алғаш рет қазақ және түрік тілдерінің ішкі элеуетіне сүйеніп жасалған, жаңару үдерісі нәтижесінде қалыптасқан жаңа қолданыстар өзара салыстырылды;

- алғаш рет белгілі бір кезеңдегі (1995-2015 жж.) қазақ және түрік баспасөзінен жинақталған жаңа қолданыстардың лингвокогнитивтік негіздері салыстырылып, зерттелді;

- алғаш рет жаңа атаулардың санадағы жаңару үдерісімен байланысы қазақ және түрік тілдеріндегі газет мәтіндерін қазіргі тілдік-элеуметтік жағдаятқа сай 10 тіл~қоғам, тіл~мәдениет, тіл~ғылым // техника, тіл~бизнес, тіл~экономика, тіл~жаһандану, тіл~дін (имандылық) сабақтастығында талдау арқылы ашылды;

- жаңа қолданыстардың екі ел лексикасына қабылдануына ықпал еткен экстралингвистикалық факторлар көрсетілді;

- қазақ және түрік баспасөзінде шеттілдік баламаларды қолдану үрдісі жаһандану заманының антропоэлектік сипаты ретінде дәйектелді;

- қазақ және түрік медиабейнесіндегі танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстарда ұлттық кодтың сақталу белгілері, кумулятивтік, прагматикалық сипаты ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан алғаш рет талданды.

Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша 11 мақала жарияланды. Қоғамдағы мемлекеттік тіл қызметі мен тілдік жағдаяттың айқын көрінісі болып табылатын баспасөз тілінің лингвокогнитивтік аспектісіне мән беру қазіргі қоғамдағы тілдік қолданыс прагматикасына қатысты диссертацияның практикалық маңызын айқындайды: рухани-элеуметтік жаңғыртуларға сай тілді жаңа деңгейге көтеретін ежелден қалыптасқан ұлттық таным мен ой-өрістің мәнін заманауи мемлекеттік мүддеге ұластыру; қоғамның түрлі саласындағы кәсіби сөздік қордың жаһандану үлгісін зерттеу; оны тіл иесі

санасымен байланыстырып, біріздендіру; төл ғылыми тілде сөйлету т.б. Зерттеу нәтижесі ретінде берілген қазақша-түрікше және түрікше-қазақша сөзтізбе материалдарын күнделікті қоғамдық-әлеуметтік қолданыс тәжірибесін кеңейтуде, түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор мен қазақ тілінің ұлттық корпусын түзуде, түркі тілдерінің салыстырмалы, терминологиялық, лингвомәдени т.б. сөздіктерін құрастыру барысында қолдануға болады. Зерттеу барысында қарастырылған тілдік деректер мен соған қатысты жасалған тұжырым-түйіндер қазақ тіл білімінің лексикография, неология, неография т.б. салаларын жетілдіріп, қалыптастыруға өзіндік үлес қоса алады.

Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы. Диссертация тақырыбы: «Мағжан Жұмабаев поэзиясының үш тілдегі (түрік, орыс, ағылшын) аудармаларының лингвомәдени аспектісі». Зерттеу жұмысында М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың жергілікті ресми орыс тіліне, туыстас түрік тілі және жаһандық ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері, доместикациялану және форенизациялану деңгейі анықталды.

Диссертацияда мынадай жаңа нәтижелер алынды:

- алғаш рет М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың әр түрлі тілдік топтарға жататын үш тілдегі аударма талдауы орын алды;

- М. Жұмабаев поэзиясындағы лингвомәдени лексиканың үш тілге аударылу ерекшеліктері алғаш рет жүйелі зерттеудің объектісі ретінде қарастырылып, форенизациялану және доместикациялану деңгейі анықталды;

- М. Жұмабаевтың аударма шығармаларына лингвомәдени аспектіде үш тілде алғаш рет салыстырмалы талдау жүргізіліп, нәтижесінде орыс, ағылшын және түрік лингвомәдени қоғамдастығы өкілдерінің ұлттық дүниетаным, тілдік бейнесінің ерекшеліктері анықталды;

- аударма талдауы аудармашының комментарийлерімен қоса берілді (ағылшын тіліндегі аударма авторы, Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаоглу және түрік тіліндегі аударма авторларының бірі Фархат Тамирмен сұхбат. Қосымша А, Б);

- ақынның поэзиясында кездесетін мәдени лексика іріктеліп, классификацияланып, алғаш рет «М. Жұмабаев поэзиясындағы мәдени лексиканың үш тілді иллюстративті (түсіндірмелі) аударма сөздігі» құрастырылды (Қосымша В);

- ақын поэзиясының ағылшын тіліне аударылуы алғаш рет үштік сипатта қарастырылды. Түпнұсқа тілі – қазақ мәдениетіне, аударма

- ағылшын тілі мәдениетіне тиесілі болса, аудармашы тұлғасы өзбек мәдениетіне жатады;

- аудармашы Т. Кожаоглудың ағылшын тіліндегі алғашқы аудармалары, Мағжанды түрік тіліне тәржімалаған Ф. Тамирдің жинаққа кірмеген, бізге өз қолымен ұсынған өлеңдерінің аудармалары алғаш рет қарастырылды (Қосымша Г);

- үш тілдегі аудармалардағы түпнұсқаның мағынасын жеткізудегі қателіктерді анықтау мақсатында осы материалдардың барлығы алғаш рет отандық аударматану ғылымында қарастырылып, аудармашы лабораториясын құруға негіз болады.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша 10 ғылыми мақала жарық көрді. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдарын, талдауға түскен тілдік материалдарды «Көркем аударма», «Салыстырмалы әдебиеттану», «Аударманың өзекті мәселелері», «Аударма және мәдениатаралық қарым-қатынас» тәрізді ғылыми курстар мен семинарлар, «Лингвомәдениеттану» пәнінен қосымша тірек дереккөздер ретінде қолдануға болады. Аударма сөздігі аудармашылар үшін таптырмас анықтамалық құрал бола алады.

Кайранбаева Назым Нургельдиевна. Диссертация тақырыбы: «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының тілі». «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының материалы негізінде ХХ ғасырға дейінгі Орта Азия территориясының тілдік жағдайы зерттелді, яғни ортағасыр түркі тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық сипаты анықталды, ғылыми теориялық тұрғыдан талданды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасының басқа нұсқалары қарастырылып, Қазақстандық қолжазбаны қыпшақ қолжазбасы ретінде тану ұсынылды;
- «Қисса-и Джанкнаме» қолжазбасына палеографиялық және кодикологиялық зерттеулер жүргізіліп, оның жазылу орны, көшірушілер мен қолданушылар ортасы анықталды;
- қолжазба тіліне жан-жақты орфографиялық, фонетикалық, морфологиялық талдау жасалды;
- қолжазба тіліндегі түркі сөздерінің функционалдық және семантикалық сипаты анықталып, оғыз және қыпшақ тілдік элементтерінің ерекшеліктері көрсетілді;
- қолжазба тілінде кездесетін араб және парсы сөздері қолданыс салалары бойынша тақырыптық топтарға талданып, статистикалық зерттеу жүргізілді;
- қолжазба мәтінінің транслитерациясы жасалды;
- қолжазба тілінде кездесетін түркі сөздерінің әліпбилі-жиілік сөздігі құрастырылып, қолдану жиілігі анықталды.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен ғылыми теориялық және практикалық нәтижелері бойынша ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 8 мақала жарияланды. Соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда (ККСОН) 3 мақала жарық көрді. Сондай-ақ, халықаралық Scopus деректер қорында индекстелген «Türk kültürü ve Nası Bektaş Veli» ғылыми зерттеу журналында 1 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды жоғары оқу орындарындағы «Түркі тілдерінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихы», «Түркі тілдерінің тарихи грамматикасы», «Шағатай тіліне кіріспе», «Деректану негіздері» сияқты пәндерімен қатар, салыстырмалы-тарихи лексикология, түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, шағатай тілінің сөздігін құрастыруда қолдануға болады. Жоғары оқу орындарындағы шығыстану, филология, түркітану, тарих және дін бойынша дәрістерде пайдалануға болады.

Абдуллина Назгул Утегуловна. Диссертация тақырыбы: «Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы». Зерттеуде адам санасында орын алатын ой-пайымдау үдерісінің және оның көрінісі ретіндегі когнитивтік категориялардың (концепт, фрейм, гештальт тәрізді когнитивтік құрылымдар) және терминтанымның негізгі зерттеу нысаны – терминнің басты белгілері сипатталып, тілдік бірлік (терминдік бірлік) пен ой-пайымдау бірлігінің (когнитивтік құрылым) өзара әрекеттестігі мен байланысы мәселесіне ерекше назар аударылған.

Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Терминологиялық бірліктің (термин және терминологиялық тіркес) лингвокогнитивтік және концептуалдық талдау нәтижелері терминнің дефиниция құрылымы да, табиғаты бойынша да когнитивтік фреймдік құрылымға толық сәйкес келетінін көрсетеді.

- Көп жағдайда, базалық концептілерді (жер, су, кеңістік, уақыт, түр-түс және т.б.) пайдалану арқылы белгіленетін, терминологиялық құрылымның санада көрініс табатын когнитивтік құрылыммен байланысы концептуалдық негізге сүйеніп, аталған концептілерді құрылымдық бөлшегі немесе базалық бірлігі етіп жасалған терминдік бірліктер ассоциативтік және метафоралық үлгілеу арқылы жасалады.

- Субъектінің жеке тәжірибесі мен сезімдік-перцептивтік жағдайын айқындауымен тығыз байланысты, санада гештальт когнитивтік құрылымы ретінде танылатын терминологиялық бірліктің жұмсалымдық маңыздылығының сипаты, тілдік репрезентациясының прагмалингвистикалық функционалдылықты жүзеге асырумен сәйкес келетінін көрсетеді.

- Терминологиялық бірліктің ғаламның ұлттық тілдік бейнесі негізінде жасалуы немесе көпқұрылымды терминнің бір компоненті ретінде ұлттық концепті болған

жағдайда, саналы-мақсатты түрде пайда болған қазақ тіліндегі терминдер мен терминологиялық тіркестердің қолданыс тиімділігі артады.

Зерттеу жұмысының негізгі мәтіні мен қорытындылары толық саны 13 мақала ретінде ғылыми басылымдарда жарияланды. Соның ішінде: SCOPUS базасына енген журналда 1 мақала, ҚР БЖҒСБК ұсынған журналдарда 3 мақала, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық және ғылыми-әдістемелік конференциялар жинақтарында 9 мақала жарық көрді.

Зерттеудің нәтижелері қазақ терминологиясы жөнінде жаңа пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді. Диссертацияның негізгі материалдары мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында филология мамандығының магистрант, PhD докторанттарына когнитивтік терминология мәселелерін қарастыратын арнайы курстар мен оқу құралдарын жасауда қолдануға болады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық жұмыстар туралы пікірлерді ресми рецензенттер уақытылы ұсынып отырды. Барлық рецензенттердің пікірлері ҚР БҒМ БҒСБК талаптарына сай келеді. Диссертациялар туралы пікірлер оң болды.

Рецензенттер тарапынан формалды, сапасыз қарым-қатынас фактілері анықталмады.

6. Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар жоқ.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	Мамандық шифры мен атауы		
	6D021200, 8D02208 Түркітану	6D020700, 8D02302 – Аударма ісі	6D021300, 8D02303 – Лингвистика
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	2	2	1
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–	–	–
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–	–	–
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–	–	–
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–	–	–
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	–	–	–

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Салқынбай А.Б.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Абитжанова Ж.А.



«11» қаңтар 2023 жыл